

Әскери қызметтегі офицерлер мен ішкі істер органдарының басшы құрамдағы адамдарын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің, Президентінің және Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының Аппараттарына іссапарға жіберу тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 14 шілде 1993 ж. N 604. ЕСКЕРТУ. Қаулының атауы жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1994.09.29. N 1077 қаулысымен. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.08.03. N 826 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының мәтініне өзгертулер мен толықтырулар енгізілді - ҚРМК-нің 1994.09.29. N 1077 қаулысымен .

Әскери қызметтегі офицерлер мен ішкі істер органдарының басшы құрамдағы адамдарын Жоғарғы Кеңестің, Президенттің Аппараттарына және Министрлер Кабинеті Іс Басқармасына іссапарға жіберудің бірыңғай тәртібін белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і : < * >

1. Әскери қызметтегі офицерлер мен ішкі істер органдарының басшы құрамдағы адамдарын Жоғарғы Кеңестің, Президенттің Аппараттарына және Министрлер Кабинеті Іс Басқармасына іссапарға жіберуді Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы негізінде жүргізеді. < * >

2. Іссапарға жіберілген офицер және басшы құрамдағы адамдарға : Жоғарғы Кеңестің, Президенттің Аппараттарында және Министрлер Кабинеті Іс Басқармасында тиісті санаттағы қызметкерлеріне белгіленген лауазымдық жалақы, сондай-ақ әскери және арнаулы әскери атағы бойынша ақшалай үлесінің жалақысы, қызмет өткерген жылдары үшін проценттік үстеме ақы, азық-түлік үлесінің орнына лауазымдық жалақысына үстеме ақы қолданылып жүрген заңдарда ішкі істер органдарының офицерлері мен басшы құрамдағы адамдарына белгіленген мөлшерде төленеді.<*>

Іссапарға жіберілген офицер және басшы құрамдағы адамдарға сыйлық беру Жоғарғы Кеңестің, Президенттің Аппараттарының және Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының қызметкерлеріне белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Мұндай жағдайда сыйлық тек лауазымдық жалақыдан есептеледі.<*>

Іссапарға жіберілген офицер және басшы құрамдағы адамдарға лауазымдық жалақы төлеу мен сыйлық беру Жоғарғы Кеңестің, Президенттің

Аппараттарында және Министрлер Кабинеті Іс Басқармасында ұстауға арналған каражат есебінен жүргізілсін. Оларға тиесілі үлестің барлық басқа түрлерін тиісінше Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер министрлігі береді. Оларға тиесілі заттай мүліктің бәрінің орнына ақшалай өтем жасалуы мүмкін.<*>

3. Іссапарға жіберілген адамдардың өзіне кезекті әскери және арнаулы әскери атақ берілуіне құқығы бар.<*>

Іссапарға жіберілген офицер және басшы құрамдағы адамдарға кезекті әскери және арнаулы әскери атақ, сондай-ақ бұларды мерзімінен бұрын беру белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Президентінің, Жоғарғы Кеңестің Аппараттары басшыларының және Министрлер Кабинеті Іс Басқарушысының ұсынуы бойынша жүргізіледі.<*>

Жоғарғы Кеңестің, Президенттің Аппараттарында және Министрлер Кабинеті Іс Басқармасында іссапарға жіберілген офицер және басшы құрамдағы адамдарға аттестация жасалмайды.<*>

4. Іссапарға жіберілген офицер және басшы құрамдағы адамдар мен олардың отбасыларына қолданылып жүрген заңдарда әскери қызметтегі офицерлер мен ішкі істер органдарының басшы құрамдағы адамдарына және олардың отбасыларына көзделген құқықтар, жеңілдіктер мен артықшылықтар сақталады.<*>

Іссапарға жіберілген офицер және басшы құрамдағы адамдар "Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамдағы адамдары мен олардың отбасыларын зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес зейнетақымен қамтамасыз етіледі. Мұндай жағдайда олардың Жоғарғы Кеңестің, Президенттің Аппараттарының және Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының атқарған лауазымдары бойынша лауазымдық жалақысы есепке алынады.<*>

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі